

**«Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйым отырысының
№ 1 хаттамасы**

Күн тәртібінде: 1. Өзін-өзі басқару органдарының жұмысын жоспарлау.

2. Мектеп оқушыларына Өзін-өзі басқару органдарының жұмысын таныстыру

Қатысқандар: Фракция мүшелері, 6-9 сынып білім алушылары

Мерзімі : 01-09.09.2022ж.

Бірінші мәселе бойынша Шақпақ негізгі орта мектебінің 6-9 сынып оқушыларының бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу мақсатында өзін-өзі басқару органдарының жұмысын жүргізу жоспары құрылып, мектеп директоры А.Азимбетова бекітті.

Екінші мәселе бойынша оқушыларға Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында білім алушылардың «Мектеп парламент» өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасы «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының заңдары, «Қазақстан 2020: болашаққа жол» 2020 жылға дейінгі мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы (екінші кезең - 2016-2020 жылдар), Жастар жылын өткізу жөніндегі жол картасы негізінде әзірленді.

Парламент – оқу-тәрбие процесінің проблемаларын шешуде мектеп, колледж, жоғары оқу орны әкімшілігінің таптырмас көмекшісі.

Парламентте оқушылар, студенттер мен педагогтер бірлесіп ынтымақтасуға үйренеді, маңызды мәселелерді шешуде толық құқылы әріптес болады.

Парламент – бұл білім алушылардың білім беру ұйымын бірлесіп басқаруға, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі мәселелерді шешуге қатысу нысаны.

Парламенттің мақсаты: білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу.

Парламенттің міндеттері:

- білім алушылардың қабілеттері мен мүдделерін, мектепте, колледжде, ЖОО-да бірыңғай құқықтық кеңістікті дамыту үшін жағдай жасау, білім беру ұйымын басқаруға қатысуға нақты мүмкіндік беру;

- ұжымдық өмір нормаларына, мемлекет заңдарына, адамдарға пайда әкелгісі келетіндігіне, достары мен құрдастарына қиындықтарды жеңуге көмектесуге оң көзқарас қалыптастыру;

- әрбір білім алушыны білім беру ұйымының қоғамдық өміріне тарту;

- өзіндік ойлау мен өзіндік сана-сезімді, көшбасшылық мінез-құлық дағдыларын, ұйымдастырушылық білімді, іскерлікті, ұжымдық және басшылық қызмет дағдыларын дамыту.

Парламент өзара көмек және сенім, дамуға ұмтылу, барлық оқушылардың тең құқылығы, шешімдер қабылдаудың ұжымдылығы, оқушылардың құқықтары мен мүдделерінің басымдығы, әрбір жеке тұлғаға қатысты ізгілік, ашықтық, еріктілік, адалдық және серіктестерді құрметтеу қағидаттарына негізделеді.

Парламент құрылымы 8 фракциядан тұрады:

1. Құқық және тәртіп фракциясы.
2. Ақпарат фракциясы.
3. Спорт және салауатты өмір салты фракциясы.
4. Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы (психология).
5. Қамқорлық фракциясы (еріктілік).
6. Мәдениет және өнер фракциясы (музыкалық, көркем шығармашылық).
7. Дебат қозғалысының фракциясы.
8. Экология және еңбек фракциясы.

Парламенттің жоғарғы органы – фракциялар көшбасшыларының жалпы жиналысы.

Парламенттің мектептегі қызметін директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, колледж бен ЖОО-да Жастар ісі жөніндегі комитетінің (бұдан әрі – ЖІК) төрағасы үйлестіреді.

Білім беру ұйымының әр сыныбында, әр тобында барлық 8 фракцияға депутаттар сайланады.

Парламент Президенті қажет болған жағдайда білім беру ұйымының түрлі алқалы органдарының отырыстарына қатысады.

Парламентті басқарудың негізгі нысаны – жобалық менеджмент тетіктерді тиімді басқарудың әмбебап технологиясы.

Мектеп оқушылары, колледж, ЖОО студенттері Парламент депутаттары бола алады.

Парламенттің жобалық қызметінің бағыттары: экологиялық, еріктілік, өлкетану, туристік, зияткерлік, экономикалық, спорттық, дебаттық, этномәдени, көркем-эстетикалық, музыкалық және басқа да шығармашылық жобалар.

Парламенттердің жобалау қызметін жүзеге асыру үшін мектептер, колледждер мен жоғары оқу орындары базасында жобалау кеңселері (бұдан әрі – жобалау кеңселері) құрылады.

Жобалық кеңселер:

- жыл бойы парламент фракцияларының жобалық қызметін;
- мектеп, колледж, ЖОО Президентін сайлау және өзін-өзі басқару күндерін;
- алқалы органдардың жұмысына қатысуды үйлестіреді.

Әр жобаға түрлі іс-шаралар, жарыстар, акциялар, флешмобтар, экскурсиялар, жорықтар, турнирлер және т. б. кіреді.

Парламент Президентінің сайлауы жылына 1 рет қыркүйек айында өткізіледі.

Парламент мүшелерін, мектеп және студенттік өзін-өзі басқару көшбасшыларын ынталандыру үшін көтермелеудің мынадай түрлері мүмкін: мадақтамалар, дипломдар, «Мектеп Парламентінің көшбасшысы», «Студенттік Парламенттің көшбасшысы» медальдары, стипендиялар, табысты жобаны «Платиналық идеялар» әлеуметтік бастамаларының ұлттық базасына енгізу, Қазақстан бойынша сапарлар, «Балдәурен» РОСО сауықтыру және басқа да лагерьлерде балаларды сауықтыру.

Мектеп және студенттік жобалау кеңселерінің жобалар рейтингтері, Парламент туралы толық ақпарат мектеп, колледж және ЖОО-ның сайттарында орналастырылады.

Жыл сайын балалар мен жастар қозғалысы көшбасшыларының азаматтық қоғамды дамыту және жас ұрпақтың Отанды нығайту және өркендетудегі рөлі мәселелері жөніндегі бірегей республикалық диалог алаңы – Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарының мектеп және студенттік парламенттері көшбасшыларының республикалық слеті өткізіледі.

Күтілетін нәтижелер:


- адал, мейірімді және белсенді тұлғалардың тәрбиелі жас ұрпағы;
- қоғамдық (балалар мен жастар) сананы трансформациялау мен жаңғыртуда оқушылар мен студенттердің өзін-өзі басқару органдарының мәртебесі мен рөлін арттыру;

«Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару

- білім алушыларды қызығушылықтары бойынша жобалық қызметке тарту;
- барлық деңгейлердегі бюджеттерден тұрақты және жүйелі қаржыландырылатыны айтылды.

Қаулы : 1.Өзін-өзі басқару органдарының жұмысын жоспары қанағаттанарлы деп танылсын.
2. «Мектеп парламент» өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасы тыңдалды

Мектеп тәлімгері:



Б.Е.Торбекова

«Мектеп парламенті» өзін өзі басқару ұйым отырысының

№ 2 хаттамасы

Күн тәртібінде: Сыныптардағы өзін-өзі басқару ұйымын сайлау.

Қатысқандар: Фракция мүшелері, 5-9 сынып білім алушылары

Мерзімі : «09 » қыркүйек

5-9 сынып оқушылар арасында Өзін- өзі басқару ұйымына сайлау өткізіп президентін сайлаймыз. Сайлауға оқу үлгерімі жақсы, қоғамдық жұмыстарға белсене араласатын 5-9 сынып оқушылары қатыса алады. Жалпы ұйымның мақсаты білім алушылардың бойына азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, адамзаттық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу.

Мектеп президенті –Әбден Назкен Сәкенқызы

Мақсаты: мектепте өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын алға қою. Мектеп білім сапасын 50 пайызға, тәртіпті 70 пайызға көтеру.

1. Құқық және тәртіп фракциясы- Ермек Гүлсана Шадиярқызы

МӨБ (мектептің өзін –өзі басқару) жұмысының нәтижелілігі жөнінде мағлұматтар жинау және оны талдау.

Міндеті:

Топтардың нәтижелі жұмыс жасауын ұйымдастыру

2. Ақпарат фракциясы-Тәңір Жұлдызай Ербол қызы

Мақсаты: МӨБ (мектептің өзін –өзі басқару) жұмысының нәтижелілігі жөнінде мағлұматтар жинау және оны талдау.

3. Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы (психология)- Қуандық Таңшолпан

Мақсаты: үзіліс уақытында және мектепшілік іс-шараларда оқушылар арасындағы қоғамдық тәртіпті сақтау.

4. Спорт және салауатты өмір салты фракциясы- Тұрғын Ердос Ерболұлы

Мақсаты: оқушылардың денсаулықтарына бақылау жасау, кеңес беру. Оқушыларды спортпен белсенді шұғылдануға баулу.

5. Экология және еңбек фракциясы-Көшербай Әсем

Мақсаты: оқушылардың ғылым, техника, экономика, заң, саяси, қоғамдық белсенділік саласындағы интеллектуалдық кеңейту.

6.Мәдениет және өнер – Ахмет Арайлым Айбекқызы

Мақсаты: бағыт бойынша түрлі мәдени шаралар өткізу (әншілер конкурсы, бишілер жарысы, спортпен шұғылдануы, оқушылар жайлы мағлұмат жинау) Мектебіміздің «Өзін-өзі басқару» ұйымының вацап желісінде чат ашылып белсенділер тіркелді.


7.Дебат қозғалысы –Иманбек Нұрзат Нұрлыбекұлы

Мақсаты: қоғамда орын алатын мәселелерді жариялы талқылау және талдау арқылы білім алушылардың әлеуметтік және шығармашылық белсенділігін арттыру.

8.Қамқорлық (еріктілік)- Орынбасар Мейрамбек Ғалымжанұлы

Қаулы: Өзін-өзі басқару органдарының сайлауы қанағаттанарлы деп танылсын

Мектеп тәлімгері:



Б.Е.Торебекова

**«Мектеп парламенті» өзін өзі басқару ұйым отырысының
№ 3 хаттамасы**

Мерзімі : 23.09. 2022ж.

Күн тәртібінде:

1.ҚР «Білім туралы», «Мемлекеттік Жастар саясаты туралы» Заңдарын, ҚР өзге де нормативтік-құқықтық актілері мен мектепішілік Ережемен таныстыру

2.Әртүрлі мәселе

Қатысқандар: Фракция мүшелері, 5-11 сынып білім алушылары

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша ҚР «Білім туралы», «Мемлекеттік Жастар саясаты туралы» Заңдарын, ҚР өзге де нормативтік-құқықтық актілері мен мектепішілік Ережемен таныстыру үшін мектеп педагог-психологы Нұрматов Н жалпы ережелерді баяндады.

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) жастар - Қазақстан Республикасының он төрт жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі азаматтары;
- 2) жас отбасы - ерлі-зайыптылардың екеуі де жиырма тоғыз жасқа толмаған отбасы не жиырма тоғыз жасқа толмаған ата-ананың біреуі, соның ішінде ажырасқан, тұл қалған еркек (жесір әйел) балаларды (баланы) тәрбиелейтін толық емес отбасы;
- 3) мемлекеттік жастар саясаты - мемлекет жүзеге асыратын және жастарды қолдауға бағытталған әлеуметтік-экономикалық, саяси, ұйымдастырушылық және құқықтық шаралар жүйесі;
- 4) жастарға арналған әлеуметтік инфрақұрылым - жастар тіршілігін қамтамасыз ету үшін қажетті объектілер (үйлер, құрылыстар, ғимараттар), сондай-ақ жастардың денсаулығын сақтау, оларға білім беру, оларды тәрбиелеу, әлеуметтік бейімдеу, дене тәрбиесі, рухани және имандылық жағынан дамыту, жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар жүйесі;
- 5) жастарға арналған әлеуметтік қызметтер - жастарға медициналық, психологиялық-педагогикалық, құқықтық қызметтер мен материалдық көмек көрсету, олардың әлеуметтік бейімделуіне және оңалуына жәрдемдесу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйымдар;
- 6) жастар ұйымы - негізгі мақсаты әлеуметтік, мәдени, білім беру міндеттерін және жастардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғауға бағытталған өзге де міндеттерді шешу, рухани және өзге де қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылатын, мүшелері (қатысушылары) жастар өкілдері болып табылатын заңды тұлғалар қауымдастығы (одағы), қор, сондай-ақ қоғамдық бірлестік нысанында құрылған коммерциялық емес, мемлекеттік емес ұйым;
- 7) жастар саясаты мәселелері жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - берілген өкілеттіктер шегінде мемлекеттік жастар саясатын үйлестіруді және іске асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

2-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты туралы заңдары

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Мемлекеттік жастар саясатының мақсаттары, міндеттері және принциптері

1. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты жастардың рухани, мәдени, білім алуы, кәсіби қалыптасуы мен дене тәрбиесін дамытуы үшін әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, ұйымдастырушылық жағдайлар мен кепілдіктер жасау, бүкіл қоғам мүддесі үшін олардың шығармашылық әлеуетін ашу мақсатында жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатының міндеттері:

- 1) жастардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;
- 2) жастарға көмек беру және әлеуметтік қызметтер көрсету;
- 3) жастардың әлеуметтік маңызды бастамаларын іске асыру болып табылады.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты:

- 1) ерекше әлеуметтік-демографиялық топ ретінде жастардың мүдделері мен қажеттіліктерін тану;
- 2) Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени құндылықтарының басымдылығы;
- 3) тән саулығын сақтау және нығайту;
- 4) адамгершілік және рухани даму;
- 5) қазақстандық патриотизмді қалыптастыру;
- 6) азаматтықты қалыптастыру;
- 7) жастардың құқықтары мен бостандықтарын іске асыру;
- 8) жастардың проблемаларын шешудегі жүйелілік пен кешенділік;
- 9) мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыру мен іске асыруға жастардың тікелей қатысуы принциптеріне негізделеді.

2-тарау. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатының негізгі бағыттары

5-бап. Мемлекеттік жастар саясатының негізгі бағыттары

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатының негізгі бағыттары:

- 1) жастардың құқықтары мен бостандықтарын сақтауды қамтамасыз ету;
- 2) жастар еңбегі мен олардың жұмыспен қамтылуы саласындағы кепілдіктерді қамтамасыз ету;
- 3) жастардың кәсіпкерлік қызметіне жәрдемдесу;
- 4) жас отбасыларын мемлекеттік қолдау;
- 5) жастардың тегін негізгі орта, жалпы орта білім алуына консультациялық құқығын іске асыру үшін жағдай жасауды қамтамасыз ету;
- 6) жастарды тәрбиелеу және оларға жан-жақты білім беру үшін жағдай жасауды қамтамасыз ету;
- 7) балалар үйлерінің мүгедек және тәрбиеленуші жастарының құқықтары мен әлеуметтік қорғалу кепілдіктерін қамтамасыз ету;
- 8) жастардың патриоттық және азаматтық тұрғыда қалыптасуы үшін жағдай жасауды қамтамасыз ету;
- 9) жастардың бойында ұлттық мәдениет пен тілді дамыту үшін жағдай жасауды қамтамасыз ету;

- 10) жастардың денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету, олардың салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- 11) әлеуметтік қолдауға мұқтаж жастарға әлеуметтік көмекті қамтамасыз ету;
- 12) жастардың мәдени бос уақыты мен демалысы үшін жағдай жасауды қамтамасыз ету;
- 13) талантты жастарды мемлекеттік қолдау;
- 14) жастар саясатын жүзеге асыру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдардың коммерциялық емес жастар ұйымдарымен ынтымақтастығы;
- 15) жастардың халықаралық ынтымақтастығына жәрдемдесу болып табылады. Осы заңға сүйене мектепшілік ереже жасалған, сол ережелерді сақтауымыз қажет және соны оқушылар ұстануы қажеттілігі айтылды.


Әлеуметтік желіні пайдаланып осы тақырыпқа сай мәліметтермен қосымша толық танысқандар болады.

Екінші мәселе бойынша алдағы қазан айындағы жоспарымызға сай мектепшілік, мектеп формасы, оқулық, суық қару, т.б. рейд ұйымдастыру туралы әр фракция белсенділерімен рейдтік жұмыс ұйымдастырылатыны айтылды.

Қаулы: 1. ҚР «Білім туралы», «Мемлекеттік Жастар саясаты туралы» Заңдарын, ҚР өзге де нормативтік-құқықтық актілері мен мектепшілік Ережемен таныстырылды.

2. Мектепшілік рейд жүргізу құрамы анықталысын.

Мектеп тәлімгері:



Б.Е.Торбекова

**«Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйым отырысының
№ 4 хаттамасы**

Мерзімі : 30.09. 2022ж.

Күн тәртібінде:

1. Мектепшілік ,мектеп формасы, оқулық, суық қару, т.б,рейд
2. Құқық қорғау органдары қызметкерлерімен кездесу

Қатысқандар: Фракция мүшелері, 5-11 сынып білім алушылары

Тыңдалды:

Шақпақ негізгі орта мектебі парламенті өзін-өзі басқару ұйым белсенділерімен мектеп оқушыларының арасында рейд жүргізілді.жиналыста мәлімделді. Жиналысқа ата – аналар комитетінің төрайымы Бейсебаева П, мектеп директоры А.Азимбетова ,тәрбие ісінің орынбасры С.Нұсқабаева , оқу ісі меңгерушісі Үсіпбаев Б, психологтар Нұрматов Н және сынып жетекшілері мен 5-9 сынып оқушылары қатысты.


Бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Нұсқабаева құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша оқушыларға дене жарақатын жеткізетін суық қаруларды мектепке алып келмеу, пайдаланбау сумкаға салмау барысында жалпы оқушыларға мәліметтер беріп, түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Онда мектеп оқушыларының бір бірімен келіспеушілік жағдайында келеңсіз жағдай орын алмау үшін орын алған жағдайда ашуға берілмей, өздерін сабырлықпен ұстап, мектеп ұстаздарына хабар беріп, дер кезінде мәселені келісіммен шешу керектігін айтып, түсіндірді. Осы мәселе бойынша Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Нұсқабаева С жалпы оқушыларға құқықбұзушылықты болдырмау, бір бірімен ұрыспау, әлімжеттілікке салынбау, ата-анамен мұғалімдердің айтқанын оқушылар ережесіне сай бұлжытпай орындау, өзінің өмір қауіпсіздігін сақтау барысында үнемі ұмытпай, дене жарақатын жасайтын суық қаруларды еш уақытта алып жүрмеуін айтып ескертіп, өз сөзін аяқтады.

Осы мәселе бойынша мектеп директоры А.Азимбетова сөзге шығып, оқушыларға құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша құқықтық заң баптарымен жеке-жеке таныстырып, жасөспірімдер арасында қылмыстық істерді, заң бұзушылықтарды болдырмау мақсатында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, өз сөзін аяқтады.

Қаулы:

1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Нұсқабаева оқушылармен жүргізген құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша тыйым салынған дене жарақатын жеткізетін суық қаруларды мектепке алып келмеу, пайдаланбау туралы жүргізген түсіндіру жұмыстары үнемі жүргізілсін.

Мектеп тәлімгері:



Б.Е.Торебекова